



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 27 наурыз

Халықтың 2017 жылғы ақпанда қолма-қол АҚШ долларын сатып алуы

2017 жылғы ақпанда халықтың айырбастау пункттерінде қолма-қол АҚШ долларын нетто-сатып алу көлемі төмендеуін жалғастырды. 2017 жылғы қаңтармен салыстырғанда талданып отырған айда ол 4,3%-ға төмендеп, 193,4 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2016 жылғы шілдеден бергі ең төменгі мән болып табылады. Ағымдағы жылдың басынан бері халықтың қолма-қол АҚШ долларын нетто-сатып алу көлемі 395,4 млн. АҚШ долларын (2016 жылғы қаңтар-ақпанда 64,3 млн. АҚШ доллары сомасындағы нетто-сату байқалған болатын) құрады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz